КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА КОДЕКСІ

КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА КОДЕКСІ

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ……..... 3

I. Негізгі қағидаттар: тұрақтылық және ұжымдық жауапкершілік…….3-4

II. Жүріс тұрыс нормалары және Мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас……...4

1. Этика, қызметтің ашықтығы, сыпайылық, профессионализм……4
2. Акционерлермен және нарықпен қатынастар ……...4
   - 2.1. Акционерлер үшін құндылықтар, тиімділік, ашықтық.……...4
   - 2.2. Өзін-өзі реттеу ережелері……...5
   - 2.3. Қоғамның ақпараттары…….……5
   - 2.4. Құпия ақпарат…….…5
   - 2.5. Ақпарат құралдары…….…..5
3. Ұйымдармен, қауымдастықтармен, жергілікті қоғамдастықпен қатынастар…….…..5
   - 3.1. Билік органдары және мемлекеттік мекемелер…….……5
   - 3.2. Саяси және кәсіподақ ұйымдары…….…..5
   - 3.3. Жергілікті қоғамдастықты дамыту…….……5-6
   - 3.4. Коммерциялық емес қызметті ынталандыру…….……6
4. Клиенттермен және жеткізушілермен қатынастар…….……6
   - 4.1. Клиенттер мен тұтынушылар……....6
   - 4.2. Жеткізушілер және штаттан тыс қызметкерлер……....6
5. «Сайпем» басшылығы, қызметшілері, қызметкерлері ……7
   - 5.1. Кадр құрамын кеңейту және қорғау……...7
   - 5.2. Білімді басқару (Knowledge Management) ……7
   - 5.3. Компанияның қауіпсіздігі……..7
   - 5.4. Жұмыс орнында алымсақтық немесе жабысу……7-8
   - 5.5. Алкогольді ішімдіктерді немесе нашаны пайдалану және темекі шегуге тыйым салу…….……8

III. Корпоративтік этика кодексін қолдану әдістері…….……..8

1. Ішкі бақылау жүйесі……...8
   - 1.1. Мүдделер қақтығысы……8-9
   - 1.2. Бухгалтерлік жазбалардың ашықтығы…….……9
2. Денсаулықты, қауіпсіздікті және қоршаған ортаны сақтау және қоғамдық қауіпсіздік…….……..9
3. Зерттеулер, ойлап табулар және зияткерлік меншікті қорғау…….……9
4. Құпиялылық.…….……9
   - 4.1. Өндірістік құпияны қорғау……...9-10
   - 4.2 Жеке өмірге құқықты қорғау……10
   - 4.3 Қауымдастықтарға, бастамаларға, іс-шараларға немесе сыртқы кездесулерге қатысу…….10

IV. Корпоративтік этика кодексінің негізгі құрылымы және қолдану саласы ……10

1. Кодекспен таныстыру талабы және оны мүмкін болатын бұзушылықтар туралы хабарлар ……10-11
2. Негізгі құрылымдар және қадағалау……11
   - 2.1. Корпоративтік этика кодексінің кепілі……..11
   - 2.2. Кодексті жылжыту командасы……..11
3. Кодексті қайта қарау……11-12
4. Кодекстің шарттық мәні……..12

АЛҒЫ СӨЗ

«Сайпем» — бұл халықаралық маңызы бар, өз қызметінің ауқымы мен маңыздылығының арқасында өзінің нарық, экономикалық даму мен «Сайпем» компаниясында жұмыс жасайтын және онымен істес адамдардың қолайлы тұрмысы және қоғам үшін маңызды ролін түсінетін өнеркәсіптік холдинг болып табылады.

---

[1] *"Сайпем" дегеніміз «Saipem S.p.A.» және осы Қоғамның Италияда және шетелде тікелей немесе жанама бақылайтын кәсіпорындарын білдіреді.*

«Сайпем» жұмыс атқарып жатқан жағдайдың күрделілігі, тұрақты дамудың талаптары және компания қызметіне қатысты Заңды мүддесі барлардың барлығының («Мүдделі тұлғалар») мүдделерін ескеру қажеттілігі, «Сайпем» барлық адамдарға жарқын болашаққа жол ашуға ұмтыла отырып танитын, қабылдайтын, бөлісетін және өзіне алатын құндылықтар мен жауапкершіліктерді нақты айқындаудың маңыздылығын нығайта түседі.
Осыған орай «Сайпемнің» жаңа Корпоративтік этика кодексі («Кодекс» немесе «Корпоративтік этика кодексі») әзірленген болатын, оның нормаларын «Сайпем» басшы құрамы, тексерушілер, басқарушылар мен қызметшілер әркімнің өз функциялары мен жауапкершіліктері саласында, сондай-ақ, Италияда және шетелде «Сайпем» мақсаттарына жетуге жұмыс жасайтындардың барлықтарының («Сайпем» Персоналы») тарапынан, сондай-ақ, «Сайпеммен» қатынастарды реттейтін заңдар мен шарттарды ескере отырып және соларға сәйкес — тиімділік, сенімділік және «Сайпем» репутациясы, кәсіпорынның табысқа жетуі үшін шешуші құндылықтарды қалыптастырушы факторларды және «Сайпем» қызмет атқаратын әлеуметтік контексті жақсарту үшін орындау маңызды болып табылады.
«Сайпем» Кодекспен «Сайпем» Персоналы және өзге де Мүдделі тұлғалар тарапынан таныстыруды және олардың оның мазмұны мен қағидаттарына конструктивті түрде үлес қосуын міндетіне алады. «Сайпем» Кодексті бекіту немесе толықтыру үшін Мүдделі тұлғалар тарапынан мүмкін болатын кеңестер мен ескертпелерді ескеруді міндетіне алады. Кез-келген жағдайда «Сайпем» Кодекстің сақталуын тиісті құралдар мен хабардар ету, алдын алу және бақылау рәсімдерін ұсына отырып және орындалатын операциялар мен жүріс тұрыстардың ашықтығын қамтамасыз ете және қажет болған жағдайда түзетуші шаралар арқылы араласа отырып мұқият қадағалайды.

«Сайпем» тобының әрбір қоғамының қадағалаушы органы Корпоративтік этика кодексінің Кепілі («Кепіл») функциясын иеленген.

Кодекспен «Сайпеммен» іскерлік қатынасқа түсетін әрбір тұлға таныстырылған болуы тиіс.

I. Негізгі қағидаттар: тұрақтылық және ұжымдық жауапкершілік

Заңдарды, қаулыларды, жарғының ережелерін, өзін-өзі тәрбиелеу ережелерін сақтау, сондай-ақ адал ниеттілік пен сыпайылық «Сайпем»-нің барлық персоналының тұрақты міндеттемесі және міндеті болып табылады және оның барлық ұйымдарының жүріс-тұрысын сипаттайды.

«Сайпем»-де жұмысты және кәсіпорынның шаруашылық қызметін жүргізу бәсекелестікті қорғау үшін қолданылатын ережелерді толық сақтау шартымен ашықтық, әділдік, сыпайылық, адал ниеттілік аясында жүзеге асырылуы тиіс.

«Сайпем» басқару жүйесін тұрақты даму қажеттілігі туралы талаптарға сәйкес «Сайпем» жұмыс атқарып жатқан күрделі жағдайдың жүйесін еңсеруге мүмкіндік беретін алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибе стандарттарына сәйкес қолдауды және нығайтуды міндеттенеді.

Мүдделі тұлғаларды тартудың жүйелі нысандары қолданылады, осылайша тұрақтылық және ұжымдық жауапкершілік мәселелері бойынша үнқатысу кеңейе түседі.

Халықаралық компанияның өз қызметін дамытуда, сонымен қатар әріптестермен бірлескен қызметте де «Сайпем» тең құқықтылық, бірдейлік принциптеріне, азаматтық және саяси құқықтарды, қоғамдық, экономикалық және мәдени құқықтарды және үшінші буынның құқықтары деп аталатын құқықтарды (өзін-өзі айқындау, бейбіт өмірге, дамуға және қоршаған ортаны қорғауға деген құқығы) қорғауға, соғыстан бас тартуға негізделген адам құқықтарын қорғау және қолдауды, адамзаттың негізгі ажырамас басымдықтарын қорғауды басты мақсат етіп алады.

Кемсітушіліктің, сыбайлас жемқорлықтың, мәжбүрлі еңбектің және кәмелетке толмағандардың еңбегін пайдаланудың кез келген нысанына тыйым салынады.

Қадір-қасиетті тану және қорғауға, адамның бостандығы мен тең құқықтығына, еңбекті қорғау және кәсіподақтардың еркіндігіне, денсаулыққа, қоғамдық қауіпсіздікке, қоршаған ортаға, сондай-ақ қызметтің ашықтығына, тиімді энергия пайдалануға және тұрақты дамуға қатысты құндылықтар мен принциптер жүйесіне айрықша назар аударылатын болады, өйткені олар Халықаралық ұйымдармен және Халықаралық конвенциялармен белгіленген болатын.

Осы мақсатта «Сайпем» Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі жалпыға ортақ декларациясының, Халықаралық Еңбек Ұйымы — ХЕҰ негізгі конвенцияларының, ЭЫДҰ трансұлттық компанияларға арналған басқарушылық бағыттары аясында жұмыс атқарады.

«Сайпемнің» барлық Персоналы ешқандай да айырмашылықтарына қарамай барлығы дерлік өздерінің функциялары мен міндеттері шеңберінде Кодекстің қағидаттары мен мазмұнына сәйкес әрекет жасайды, және Кодекстің нормаларын сақтау еңбектің және кәсіби қызмет сапасының маңызды бөлігі болып табылатынын ұғынады. «Сайпем» персоналының барлық деңгейлері арасындағы қарым-қатынастар адалдық, сыпайылық, өзара сыйластық және жылы шырайлық принциптеріне негізделеді.

Ешбір жағдайда да Кодекстің қағидаттары мен мазмұнына сәйкес келмейтін әрекеттер, егер олар «Сайпемнің» пайдасына немесе мүддесіне бола жасалса да құпталмауы, тіпті ішінара болса да құпталмауы тиіс.

II. Жүріс тұрыс нормалары және Мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас

1. Этика, қызметтің ашықтығы, сыпайылық, профессионализм

«Сайпем» іскерлік қатынастарда мәміленің маңыздылығына қарамастан жылы шырайлық, сыпайылық, ашықтық, тиімділік және нарықтағы ашықтық принциптерін басшылыққа алады және орындайды.

Барлық жүзеге асырылған әрекеттер, операциялар мен келіссөздер және жалпы «Сайпем» Персоналының еңбек қызметі барысындағы жүріс-тұрысы барынша сыпайылық, ақпараттың толықтығы және ашықтығы, формалды және маңызды сипаттағы заңдылық және бухгалтерлік құжаттардың қолданыстағы заңнама талаптарына және ішкі ережелерге сәйкес түсініктілігі мен растығы қағидаттарына негізделеді.

«Сайпемнің» барлық кәсіби қызметі жоғары деңгейде және мүлтіксіз орындалған болуы тиіс, бұл ретте кәсіби үлес қызметкерлерге жүктелген функциялар мен міндеттердің ауқымына сай болуы, сөйтіп «Сайпемнің» беделін және танымалдығын одан әрі арттыруға бағытталған болуы тиіс. Кәсіпорынның мақсаттары, ұсыныстар және жобаларды іске асыру, инвестициялар мен әрекеттер кәсіпорынның мүліктік, басқарушылық, технологиялық және танымдық құндылықтарын арттыруға, сондай-ақ барлық Мүдделі тұлғалар үшін құндылықтар мен дәулеттілігінің ұзақ мерзімді дамуына жағдай жасауға бағытталған болуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық, заңсыз қызметтер көрсету, құпия келісімдер жасасу, өзінің немесе басқаның жеке бас пайдасы және қызметте өсуі үшін тікелей және/немесе үшінші адамдар арқылы емеурін білдіру тыйым салынған әрекеттерге жатады.

Ықпал ету немесе олардың қызметінің әрекеттеріне сыйақы беру мақсатында үшінші тұлғаларға, үкімет өкілдеріне, лауазымды тұлғаларға және мемлекеттік немесе жеке қызметшілерге тікелей немесе жанама түрде ақша ұсынуға, материалдық сыйақы немесе кез келген сипаттағы өзге де басымдықтар беруге тыйым салынады.

Сыйлық немесе қонақжайлық түріндегі коммерциялық сипаттағы артықшылықтар көрсетуге тек ерекше жағдайларда және олардың құны аса қымбат болмаған кезде және кез-келген жағдайда егер олар тараптардың бірінің тұтастығына және беделіне нұқсан келтірмесе ғана жол беріледі, бұл ретте мұндай жағдайлар бір тараптың беделіне нұқсан келтірмейтіндей және заңсыз жолмен пайда табуға бағытталмаған болуы тиіс. Кез келген жағдайда бұл шығындардың түрлері ішкі ережелерге сәйкес уәкілетті тұлғалармен бекітілген және тиісті түрде құжаттамалық расталған болуы тиіс.

«Сайпеммен» іскерлік байланыстағы немесе іскерлік байланысты жоспарлап отырған тұлғалардан немесе кәсіпорындардан ақша қабылдауға тыйым салынады. Коммерциялық сыйластық ұғымына кірмейтін құны арзан емес сыйлықты, жеңілдікпен қызмет көрсетуді немесе қонақжайлылықты қабылдау туралы ұсыныс алған кез-келген тұлға олардан дереу бас тартуы және бұл жөнінде бастыққа немесе ол құрамына кіретін органға, сондай-ақ Кепілге хабарлауы тиіс.

«Сайпем» Кодексте көзделген міндеттер мен міндеттемелер туралы үшінші тұлғаларды тиісті түрде хабардар етуді міндетіне алады және олардан осы Кодексте көзделген қағидаттар мен ережелерді өз қызметтеріне тікелей қатысты бөлігінде орындауларын талап ете алады және де үшінші тұлғалар тарапынан Кодекстің талаптары орындалмаған жағдайда өз құзыреті шегінде сыртқы шаралар қабылдай алады.

2. Акционерлермен және нарықпен қатынастар

2.1. Акционерлер үшін құндылықтар, тиімділік, ашықтық

«Сайпемнің» ішкі құрылымы және оның қызметіне тікелей немесе жанама тартылған субъектілермен қатынастар басшылықтың сенімділігін және басшылықтың өкілеттіктері мен акционерлер мүдделері, жекелеп айтқанда басқа да Мүдделі тұлғалардың арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұру қамтамасыз ететін ережелерге сәйкес ұйымдастырылған, сонымен қатар басшылықтың шешімінің және компания оқиғаларының ашықтығы және тексерілетіндігі шығарылған бағалы қағаздардың нарықтық бағасына ықпал етуі мүмкін.

Акционерлерге арналған құндылықтарды арттыруға және қызметтің ашықтығына кепілдік беруге бағытталған бастамалар аясында «Сайпем» басшылығы өзіндік ішкі ұйымдық құрылымына және сондай-ақ акционерлермен және үшінші тұлғалармен қарым-қатынасқа қатысты корпоративтік басқарудың алдыңғы қатарлы халықаралық және ұлттық стандарттарына сәйкес күрделі және біртектес жүріс-тұрыс ережелерін қолданады. Бұған қоса кәсіпорынның тиімді және нәтижелі жұмыс ережесін қабылдауға қабілеттілігі сенімділік, ашықтық және Мүдделі тұлғалар тарапынан сенімділікті қамтамасыз етуге ықпал ететін тиімді құрал болып табылады.

«Сайпем» акционерлер құзыретті шешімдер қабылдауға қатысуға және таңдауларын жүзеге асыруға жағдай жасау қажет деп санайды. Осылайша, «Сайпем» акционерлерге және нарыққа берілетін ақпараттың барынша ашықтығын және уақтылығын, оның ішінде корпоративтік Интернет-сайтты пайдалана отырып, бағалы қағаздары биржаның айналымындағы кәсіпорындарға қолданылатын нормаларға сәйкес қамтамасыз етуі тиіс. «Сайпем» сондай-ақ олар ондай ескерту жасауға құқылы болған ретте акционерлердің ескертулеріне тиісті назар аударуға міндеттенеді.

2.2. Өзін-өзі реттеу ережелері

«Сайпем» корпоративтік басқарудың негізгі ережелері «Borsa Italiana S.p.A.» белгіленген Ережелерге сәйкес «Saipem S.p.A.» Өзін-өзі реттеу ережелерінде жазылған, қажет болған жағдайларда оларға осы құжатта сілтемелер жасалады.

2.3. Қоғамның ақпараты

«Сайпем» ішкі басқарудың және сыртқы коммуникациялардың тиісті рәсімдерінің көмегімен Қоғамның ақпараттарын дұрыс басқаруды қамтамасыз етеді.

2.4. Құпия ақпарат

«Сайпем» персоналы қызметтік міндеттер шегінде тиісті түрде құпия ақпаратты пайдалануы тиіс, сондай-ақ нарықтағы қызмет ережелерімен танысқан және корпоративтік саясатты сақтайтын болуы тиіс. Инсайдерлік сауда операцияларын (insider trading) жүзеге асыруға немесе оны жасауға ықпал етуге бағытталған кез келген іс-әрекетке тыйым салынады. «Сайпем» акцияларын немесе басқа компаниялардың акцияларын сатып алу немесе сатудың әрбір жағдайы абсолютті ашық және дұрыстық принциптеріне негізделген болуы тиіс.

2.5. Ақпарат құралдары

«Сайпем» өзі туралы шынайы, уақтылы, ашық және нақты ақпаратты ұсынуды міндетіне алады.

Ақпарат құралдарымен қарым-қатынастар тек қана осы мақсаттағы лауазымдық және жауапты тұлғалар арқылы жүзеге асырылатын болады; «Сайпемнің» барлық Персоналы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға арналған ақпаратты алдын ала «Сайпемнің» құзыретті құрылымымен келісуі тиіс.

3. Ұйымдармен, қауымдастықтармен, жергілікті қоғамдастықпен қатынастар

«Сайпем» өзі жұмыс жасайтын барлық елдердегі ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен диалогты қолдайды.

3.1. Билік органдары және мемлекеттік мекемелер

«Сайпем», Персоналдың көмегімен билік органдарымен белсенді және толыққанды ынтымақтастық орнатады.

«Сайпем» Персоналы, сондай-ақ олардың жүріс-тұрыстары «Сайпем» есебіне жатқызылған штаттан тыс қызметкерлер, мемлекеттік билік органдарымен сыпайы, ашық және іскерлік түрінде сипатталатын қарым-қатынастар орнатуға машықтануы тиіс. Бұл қатынастар кәсіпорынның бекітілген саясатына сәйкес тиісті лауазымды тұлғалардың айрықша құзыретінде болады.

Бақылаудағы кәсіпорындар өз әрекеттерін «Сайпемнің» корпоративтік құрылымымен келісуі тиіс, ол қабылданатын іс-әрекеттердің сапасын алдын ала бағалауға, сондай-ақ олардың іске асырылуы мен мониторингіне құзыретті құрылым болып табылады.

Билік органдарына ұсынылатын жалған мәлімдемелерді беруге, оған ықпал етуге және қолдау көрсетуге тыйым салынады.

3.2. Саяси және кәсіподақ ұйымдары

«Сайпем» арнайы заңдарда көзделгендерді қоспағанда, партиялардың, қозғалыстардың, комитеттердің және саяси және кәсіподақ ұйымдарының, сондай-ақ олардың өкілдері мен кандидаттарының пайдасына тікелей немесе жанама жарналарды жүзеге асырмайды.

3.3. Жергілікті қоғамдастықты дамыту

«Сайпем» өзі жұмыс жасайтын аумақтағы өмір сүру сапасын көтеруге, жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына, жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып адам капиталын және қабілеттілігін қалыптастыруға, бұл ретте өзінің өндірістік қызметінің түрлеріне дұрыс коммерциялық тәжірибеге сыйысатын нысандарға сәйкес дамыта отырып қосуға міндеттенеді.

«Сайпем» қызметі әлеуметтік жауапкершілікті толықтай түсіне отырып жүзеге асырылады, ол бойынша «Сайпем» компаниясы Мүдделі тұлғалар алдында, жекелеп айтқанда өзі қарым-қатынас жасайтын жергілікті қоғамдастық алдында әлеуметтік жауапкершілікке ие, бұл ретте азаматтық қоғамдастықпен өзара ынтымақтастық кәсіпорынның негізгі құндылықтарының бірі болып табылады. «Сайпем» жергілікті қоғамдастықтың мәдени, экономикалық және әлеуметтік құқықтарын сыйлайды және мүмкін болғанынша оларды іске асыруға көмектеседі, әсіресе жеткілікті тамақтануға және ауыз суға деген құқықтарын, денсаулық және ақыл-ой саулығына, білім алуға деген құқықтарын іске асыруға жәрдемдеседі және осы құқықтарды іске асыруды қиындататын немесе кедергі келтіретін қадамдарға бармайды.

«Сайпем» жергілікті қоғамдастыққа бағытталған ақпараттың ашық болуына ықпал етеді және оларды ең қызықтыратын сұрақтарға ерекше назар аударады.

Бұл ретте кәсіпорынның қызметін әзірлеу және жүзеге асыру барысында және ондай қызметтен алынған пайданы тиісті түрде қайта бөлуге ықпал ететін «Сайпемнің» құзыретті құрылымдық бөлімшелерінің көмегі арқылы үздіксіз ақпараттық кеңес алып тұру нысандарына, жергілікті қоғамдастықтың заңды күтулерін ескеру үшін қолдау көрсетіледі,

Осылайша «Сайпем» компанияның құндылықтарын және принциптерін кәсіпорынның ішінде, сонымен қатар кәсіпорыннан тыс, соның ішінде тиісті бақылау рәсімдерін құра отырып таратуды және олардың мәдениетіне, ұйымдарына, байланыстарына және өмір сүру стилдеріне айрықша назар аудара отырып жергілікті тұрғындардың құқықтарын қорғауды міндеттенеді.

Сайпем» Персоналы тиісті функцияларының шеңберінде «Сайпемнің» саясаты және іс-қимыл жоспарына сәйкес жекелеген бастамаларды анықтауға қатысуға, оларды абсолютті ашықтық критерийлері бойынша іске асыруға және «Сайпемнің» ажырамас мақсаттары ретінде қолдауға міндетті

3.4. Коммерциялық емес қызметті ынталандыру

«Сайпемнің» қайырымдылық қызметі компанияның саясатымен келісіледі және оның тұрақты дамуына ықпал етеді. Осылайша, «Сайпем» коммерциялық емес қызметке ықпал етуге және қолдау көрсетуге, сондай-ақ Персоналдың арасында жылжытуға міндеттенеді, осының өзі кәсіпорынның жұмыс жасап отырған аумақтағы қоғамдастықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру ісінде белсенді қатысушы болып табылатынын айғақтайды.

4. Клиенттермен және жеткізушілермен қатынастар

4.1. Клиенттер мен тұтынушылар

«Сайпем» нарықта өзінің коммерциялық мақсаттарына сапалы өнім ұсыну және бәсекелестік жағдайында адал бәсекелестікті қорғауға бағытталған барлық ережелерді сақтау арқылы қол жеткізуді көздейді.

«Сайпем» тұтынушылардың құқықтарын сыйлауды өз міндеті деп таниды және олардың денсаулығына зиянды өнімдерді қабылдамайды және ұсынылып отырған өнім туралы толық ақпаратты ұсынады.

«Сайпем» өнімді немесе қызмет көрсетуді сатып алу үшін тапсырыс берген тұлғалардың пікірі кәсіпорынның табысқа жетуінің аса маңызды бөлігі болып табылатынын мойындайды. Коммерциялық саясат тауарлар мен қызмет көрсетулердің сапасын қамтамасыз етуге, қауіпсіздік қағидаттарын сақтауға бағытталған. Осыған байланысты «Сайпем» персоналы мыналарға міндетті:

– клиенттер мен тұтынушыларға қатысты ұйымның ішкі рәсімдерін сақтауға;
– шарт талаптарының аясында жоғары сапалы өнімді тиімді әрі адал жеткізуге, ол клиенттер мен тұтынушылардың күткеніндей болуы және көңілдерінен шығуы тиіс;
– қызметтер мен өнімдер және коммуникацияның өзге де түрлері туралы нақты және толық ақпаратты ұсыну және жарнама және басқа да коммуникациялардың түрлерінде растық қағидатын сақтау, бұл клиенттер мен тұтынушыларға ойланып шешім қабылдаулары үшін қажет.

4.2. Жеткізушілер және штаттан тыс қызметкерлер

«Сайпем» тиісті кәсіби біліктілігі бар және Кодексте көрсетілген қағидаттар мен ережелерді орындауға дайын жеткізушілер мен штаттан тыс қызметкерлерді таңдауды жүзеге асыруды міндеттенеді. Сондай-ақ аталған принциптер мен ережелерді тұрақты түрде ұстануларына ықпал етеді.

Мердігерлер, жабдықтаушылар және тұтастай алғанда тауарлар және/немесе қызмет көрсетушілерге қатысты «Сайпем» персоналы:

– жеткізушілер мен штаттан тыс қызметкерлерді таңдаудың және олармен қатынастар құрудың ішкі рәсімдерін сақтауға және тиісті сипаттамаларға жауап беретін тұлғаға «Сайпем» компаниясына жеткізуді жүзеге асыруға арналған тендерге қатысу үшін кедергі жасамауға;
– іріктеу кезінде мәлімделген ашық таңдау критерийлеріне сәйкес объективті бағаларды пайдалануға;
– клиенттердің қажеттіліктеріне үнемі кепілдік бере отырып жеткізушілер мен штаттан тыс қызметкерлердің ынтымақтастығын қамтамасыз етуге, клиенттердің сапа, баға және жеткізу мерзімі бөлігінде ақылға қонымды күтулерін қанағаттандыруға кепілдік беруге;
– «Сайпем» кәсіпорындары бәсекелестік бар нарқы жағдайларында жеткізетін өнімдер мен қызмет көрсетулерді қолданыстағы заңнама талаптары және өзара байланысты тараптармен мәміленің заңдылық критерийлері сақталған жағдайда мүмкін болғанша ең көп мөлшерде пайдалануға;
– шарттарға Кодекстің талаптарымен танысқандығын растайтындығы және онда көзделген қағидаттарды сақтауды міндетіне алатындығы туралы ережелерді енгізуге;
– шарттық талаптарды сақтауға және оны сақтауды талап етуге.
– жеткізушілермен және штаттан тыс қызметкерлермен коммерциялық айналымның қолданыстағы ғұрыптарына сәйкес шынай және ашық сұхбат жасауға;
– бастықты және Кепілді Кодекстің мүмкін болатын бұзушылықтары туралы уақтылы хабардар етіп тұруға;
– «Сайпем» үшін мүмкін болатын салдарын бағалау мақсатында «Сайпем» құзыретті корпоративтік құрылымын жеткізушімен және штаттан тыс қызметкерлермен арадағы қатынастарға қатысты маңызды проблемалар туралы құлағдар етуге міндетті.

Сыйақы тек қана келісім-шартта көзделген қызметтердің мөлшеріне сай болуы тиіс, ал төлемдер ешбір жағдайда да контрагенттен басқа адамдарға төленбеуі тиіс және де қандай да бір тараптардың мемлекеті болып табылмайтын немесе оның аумағында шарттың орындалуы орын алатын үшінші тұлғалардың мемлекетінің аумағында төленген болмауы тиіс.

5. «Сайпем» басшылығы, қызметшілері, қызметкерлері

5.1. Кадр құрамын кеңейту және қорғау

Кадрлар кәсіпорынның қызмет атқаруы үшін міндетті әрі маңызды элементтердің бірі болып табылады. Басшылықтың өз ісіне берілгендігі және кәсібилігі «Сайпем» алға қойған мақсатына жетуінің басты шарты және айқындаушы құндылығы болып табылады.

«Сайпем» олардың жұмыстарының аясында жекелеген тұлғалардың энергиясы мен творчествосы жеке мүмкіндігін іске асыру үшін толық мүмкіндік алатындай етіп, сондай-ақ жұмысшының психикалық және физикалық саулығын және оның қадір-қасиеттеріне қатысты еңбек жағдайларын сақтау мақсатында басшылықтың және қызметшілердің біліктілігін және құзыреттілігін арттырып отыруды өз міндетіне алады. Қызметкерлерге заңсыз қысым көрсетуге немесе ыңғайсыздықтар тудыруға тыйым салынады. Әрбір адамның жеке басын және біліктілігін дамытуға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларына қолдау білдіріледі.

«Сайпем» тиісті қолданылатын заңнамаларды және шарттарды сақтау аясында барлық жұмысшыларға бірдей еңбек жағдайлары үшін бар мүмкіндіктерді жасай отырып, барлық жұмысшылар тең жұмыстары үшін тең жалақылар алуларына тең мүмкіндіктерді пайдалануына, тек қана сіңірген еңбектеріне және құзыреттіліктеріне негізделіп ешқандай да болмасын кемсітусіз еңбектерінің бағасын алуларына кепілдік береді. Құзыретті лауазымды тұлғалар мыналарға:

– кадрлық шешімдерді қабылдаған әрбір жағдайда қызметкердің сіңірген еңбегін және құзыреттігін (кез келген жағдайда тек кәсіби) бағалауға;
– әрбір жағдайда ешқандай да кемсітусіз іріктеу жүргізуге, жұмысқа қабылдауға, оқытуға, еңбек ақы белгілеуге және кадрларды басқаруға;
– жеке қасиеттері және көзқарастары бойынша кемсітушілікті болдырмайтындай және «Сайпем» барлық персоналының ынтымақ пен бірлікте жұмыс атқаруға мүмкіндіктері болатындай еңбек жағдайларын жасауға міндетті.

«Сайпем» әрбір құрылымдық бөлімдегі «Сайпем» Персоналы кәсіпорында өзара түсініктік пен әркімнің қадір қасиетін сыйлайтын ахуалды қалыптастыра отырып ынтымақтастықта жұмыс атқарғанын қалайды. «Сайпем» қызметкерлер арасында кемсітушілік, дөрекілік және балағаттау секілді жағдайлар орын алар болса, ондай жағдайларды шешу үшін араласуға құқылы. Мұндай іс-әрекеттерге жұмысшылардың жұмыс орнынан басқа жерде де орын алған теріс жүріс-тұрыстары да жатады. Кез келген жағдайда физикалық және моральдық қысым көрсету түрінде болатын жүріс-тұрысқа тыйым салынады.

5.2. Білімді басқару (Knowledge Management)

«Сайпем» бизнесті және кәсіпорынның тұрақты өсуін қамтамасыз ету аясында өз құрылымдарының аясында білімді таратуға және кәсіби қатынастардың инновациясына үлес қосу арқылы құндылықтарды, қағидаттарды, жүріс-тұрыстарды анықтауға бағытталған мәдениетті және бастамаларды дамытуға, әрқашан қолдау көрсетуге ықпал ететін болады. «Сайпем» кәсіби топтардың мүшелері, жұмысшылардың топтары және қоғамдық топтар арасында өзара ықпалдастық әдістерін ұсынуға міндеттенеді. Сонымен қатар ноу-хауға қол жеткізуді үйлестіру әдістерін, жедел бірыңғайлықты қамтамасыз ететін тиісті бағдарларды анықтауға, өз құрылымдарының қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған білімдерді жүйелі түрде таратуды, бастамаларды қолдауды міндетіне алады. «Сайпем» барлық Персоналы алған білімдерін басқалармен бөлісу және жұмысшылар арасында кеңінен тарату мақсатында Білімді басқару процесіне (Knowledge Management) өз қызметтері шегінде белсенді түрде үлес қосуға міндетті.

5.3. Компанияның қауіпсіздігі

«Сайпем» кәсіпорынның қызметкерлеріне немесе материалдық және/немесе материалдық емес игіліктеріне тікелей немесе жанама зиян келтіруі мүмкін кез келген қасақана немесе алдын ала ойластырылған әрекеттерді болдырмауға бағытталған саясатты, стратегияны және жоспарларды әзірлеп, осылардың аясында «Сайпем» қызмет атқаратын болады. Адамдар мен мүліктерге қауіп төндірудің алдын алуға немесе оны болдырмауға бағытталған шараларға қашанда және тек заңсыз әрекетке бара-бар көлемде ғана қолдау көрсетіледі.
«Сайпем» барлық персоналы кәсіпорынның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тиімді стандарттарды ұстап тұруға белсене қатысуға міндетті, егер «Сайпем» мүлкіне немесе кадрлық ресурстарына үшінші тұлғалар тарапынан қандай да бір заңсыз әрекеттер немесе қауіптер төнген не төнуі мүмкін болға жағдайды байқаған болса, ол туралы басшылыққа немесе «Сайпемнің» корпоративтік құрылымына дер кезінде хабарлауға міндетті.
Жеке қауіпсіздікке аса назар аударуды талап ететін кез келген жағдайда, осы мәселе бойынша «Сайпем» тарапынан берілген нұсқауларды жете ұстануы және жеке қауіпсіздікті және басқалардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін жүріс-тұрыстан сақтану қажет, және жеке қауіпсіздікке немесе үшінші тұлғалардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрбір жағдай туралы өз басшысын дер кезінде құлағдар етуі тиіс.

5.4. Жұмыс орнында алымсақтық немесе жабысу

«Сайпем» ұйымдық табысқа жетуге бағытталған жұмыс ортасын қалыптастыруға айрықша назар аударады және ондай бастамаларға әрдайым қолдау білдіреді. «Сайпем» қызметкерлерге қатысты жұмыс орнында болмаса жұмыс орнынан тыс жерлерде де алымсақтық немесе жабысуға тыйым салады. Мұндай әрекеттерге мыналарды жатқызуға болады:

– жұмыс орнында жеке жұмысшыларға немесе жұмысшылардың тобына қатысты орын алатын қорқыту, өшпенділік, кемсітушілік, оқшаулау немесе кемтсіту ахуалын тудыратын әрекеттер;
– басқалардың қызметтік міндеттерін атқаруға шектен тыс араласу;

– басқа қызметкерлердің қызмет сатысымен өсуіне тек жеке қатынастарына бола немесе басқа қызметкерлермен бәсекелесу мақсатында кедергі келтіру.

Жыныстық қоқан-лоқы көрсетудің кез келген түрлеріне және жеке және мәдени айырмашылықтары бойынша қудалауға тыйым салынады. Ондайларға мыналар жатады:

– кімге де болсын қатысты шешім қабылдау кезінде сексуалдық назар аудару;

– өз қарамағындағы қызметкерлерді өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жыныстық қызмет көрсетуге азғыру;

– анық көрініп тұрған келіспеушілікке қарамастан жеке қатынастар ұсынуды жалғастыру;

– мүгедектігіне немесе басқа да физикалық немесе психикалық кемшіліктерге, діни көзқарасына және жыныстық бейініне назар аудару.

5.5. Алкогольді ішімдіктерді немесе нашаны пайдалану және темекі шегуге тыйым салу

«Сайпем» барлық персоналы жұмыс орнында өзара түсіністік пен сыйластық ауанын қалыптастыруға жеке қатысулары тиіс. Басқалардың сезімталдықтарымен санасуға да айрықша назар аударылады.
Жұмыс орнына жұмыс уақытында алкогольді ішімдіктерді пайдаланып немесе нашаны пайдалану не басқа да еліткіш заттарды қолданып келген әр жұмысшы мұндай әрекеттің орын алуына жол бермейтіндігі туралы ескертілген деп саналады. Созылмалы тәуелділік жағдайы, олар жұмыс ортасына әсер еткен жағдайда, шарттың мақсаты үшін — жоғарыда аталған жағдайға теңестірілетін болады; «Сайпем» осымен байланысты еңбек шартымен көзделген қоғамдық әрекеттерге қолдау көрсетуге міндеттенеді.

Жұмыс орнында мыналарға:

– жұмыс орнында және жұмыс уақытында кез келген сылтаумен наркотикалық заттарды сақтауға, таратуға, пайдалануға және өзгелерге ұсынуға;

– жұмыс орнында темекі шегуге тыйым салынады. Сайпем» темекі шегу сияқты зиянды әдеттерден арылуға тырысқан тұлғаларға бағытталған ерікті бастамаларға қолдау көрсетеді, темекі шегетіндер үшін де арнайы бөлінген орындарды іздеуде жұмыс жағдайында түтіннің болуынан физикалық ыңғайсыздықты сезінетіндер және өзінің жеке жұмыс орнында «енжар түтіннен» қорғалуын өтінгендердің жағдайларын айрықша ескеретін болады.

III. Корпоративтік этика кодексін қолдану әдістері

1. Ішкі бақылау жүйесі

«Сайпем» заңнама талаптарын және кәсіпорынның ішкі рәсімдерін, кәсіпорынның мүлкін қорғауды және қызметті тиімді басқаруды, бухгалтерлік және қаржылық деректерді толық сақтауды қамтамасыз ету мақсатында ішкі бақылаудың тиісті жүйесін құруға және қолдауға міндеттенеді.

Ішкі бақылау жүйесін қолдану бойынша жауапкершілік «Сайпемнің» құрылымдық бөлімшелерінің барлығына ортақ болып табылады. Осылайша «Сайпемнің» барлық персоналы өз қызметтік міндеттері шеңберінде ішкі бақылау жүйесінің тиімді қызмет атқаруына үлес қосулары тиіс.

«Сайпем» өз ұйымының барлық деңгейлерінде бақылаудың бар екендігіне көз жеткізетіндей ережелер мен қағидаттарды таратуға ықпал етеді. Осылайша, ең алдымен «Сайпем» басшылығы және Персоналы «Сайпем» ішкі бақылау жүйесіне қатысуға міндетті.

Әрбір қызметкер оған сеніп тапсырылған және кәсіпорынның шаруашылық қызметінде пайдаланатын кәсіпорынның мүлкіне (материалдық және материалдық емес) жауапкершілікте болады;

жұмысшы өзіне тапсырылған «Сайпем» мүлігін өзі басқа мақсатқа жұмсауға және басқаларға басқа мақсатқа жұмсауға рұқсат беруге құқылы емес.

Алаяқтық әрекеттер жасауға немесе оны жасауға қатысуға бағытталған кез келген әрекеттерге тыйым салынады. «Сайпемнің» ішкі аудит департаментінің бақылау және қадағалау органдары және қоғам тарапынан тартылған сыртқы тексерушілер өз лауазымдық функцияларын жүзеге асыру барысында құжаттар мен ақпараттарға еркін қол жеткізуге құқылы.

1.1. Мүдделер қақтығысы

«Сайпем» өз Персоналының, егер мұндай қызметтер заң шеңберінде жүзеге асырылса және «Сайпемге» қатысты өзіне алған міндеттерімен сыйысатындай болса, инвестициялық қызметке, кәсіпкерлік қызметке және басқа да қызметке қатысуға деген құқықтарын таниды және құрметтейді.

«Сайпем» өзін өзі реттеу ережелері «Сайпем» басқарушыларының және тексерушілерінің мүмкін болатын мүдделер қақтығысын реттейді.

«Сайпем» басшылығы және қызметшілері өздерінің жеке немесе отбасылық қызметі мен «Сайпемнің» қызметі арасында мүдделер қақтығысы орын алуын болдырмауға тырысады және ондай жағдай орын ала қалса мүдделер қақтығысының орын алғаны туралы тиісті құрылымға және өзі бағынатын органға хабарлауға тиіс. Жекелеп айтқанда әрбір қызметкер өзі немесе оның туысқандары және күйеуінің/әйелінің 2 атаға дейінгі туысқандары қатысатын «Сайпеммен» арадағы тауар жеткізу, клиентура саласындағы экономикалық немесе қаржылық мүдделер туралы нақты орын алған жағдайлар жөнінде хабарлауға міндетті. Бұдан басқа, мүдделер қақтығысы келесі жағдайларды да білдіреді:

– өзіне немесе басқаларға жеке пайда үшін лауазымдық міндеттерін атқару барысында өзінің қызметтік жағдайын пайдалану;

– қызметші және/немесе оның туысқандары жеткізушілерде, мердігерлерде, бәсекелестерде еңбек қызметін атқаруы.

Кез келген жағдайда «Сайпем» басшылары мен қызметшілері барлық жоғарыда көрсетілген жағдайларды болдырмауға тырысулары тиіс, өйткені ондай жағдайлар кәсіпорында мүдделер қақтығысының орын алуына және кәсіпорынның мүддесіне адал және дұрыс шешімдер қабылдауға, осылайша Кодекстің принциптері мен ережелерінің бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін немесе мүдделер қақтығысының орын алғаны туралы кез келген жағдай жөнінде басшылыққа немесе қызметкер құрамына кіретін органға, сондай-ақ Кепілге хабарлануы тиіс. Сонымен бір уақытта мүдделер қақтығысына жол берге тұлға өндірістен шеттетіледі және шешім қабылдау процесіне де қатыстырылмайды, сондай-ақ басшылардың ішінен лауазымы үлкені немесе тиісті орган:

– әрбір нақты жағдайда мүдделер қақтығысын жою бойынша жедел шешім қабылдайды;

– мүдделі тұлғаларға және мәлімет ретінде өз бастығына, Кепілге тиісті жазбаша нұсқауларды береді;

– алынған және берілген құжаттарды тіркейді.

1.2. Бухгалтерлік жазбалардың ашықтығы

Бухгалтерлік құжаттардың транспаренттілігі шындыққа, дәлдікке және бухгалтерлік есепті жүзеге асыруға қажетті бастапқы ақпараттың растығына негізделеді. Компанияның органдарының әрбір өкілі, басшылық және қызметкерлер өз құзыреттері шегінде бухгалтерлік құжаттардың дұрыс толтырылуына, тиісті ақпараттың бухгалтерлік кітапта жазылуына ықпал жасауға міндетті. ақпаратты бұрмалауға бағытталған кез келген әрекеттерге тыйым салынады. Әрбір операция бойынша актілерде растаушы құжаттар қоса тіркеледі, және бұл құжаттар мыналарға мүмкіндік беруі тиіс:

– қарапайым және нақты бухгалтерлік жазбаға;

– жауапкершіліктің түрлі деңгейін анықтауға;

– қателерді болдырмау үшін жүргізілген операциялардың дәлдігіне.

Әрбір жазба бастапқы құжатта көрсетілген деректерді дәл көрсетуі тиіс. «Сайпем» барлық персоналы құжаттама жеңіл қол жеткізетіндей және оңай түсінетіндей болуы үшін барлық мүмкіндікті жұмсаулары тиіс.
«Сайпем» әр персоналы бухгалтерлік есепті және бастапқы құжаттаманы жүргізу кезінде әрекетсіздік, қолдан жасау, ұқыпсыздық фактісі орын алғанын білген жағдайда, ол туралы тікелей басшыға немесе ол құрамына кіретін органға, сондай-ақ Кепілге хабарлауға міндетті.

2. Денсаулықты, қауіпсіздікті және қоршаған ортаны сақтау және қоғамдық қауіпсіздік

«Сайпем» қызметі келісімдерге және халықаралық стандарттарға, сондай-ақ кәсіпорын қызмет атқаратын елдің аумағында қолданылатын денсаулықты, қауіпсіздікті және қоршаған ортаны сақтау және қоғамдық қауіпсіздік салаларын реттейтін заңнамаларға, қаулыларға, әкімшілік практикаға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

«Сайпем» табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ғылыми-техникалық дамуға белсенді ықпал етеді. Жедел басқару қоршаған ортаны қорғаудың және энергияны пайдаланудың алдыңғы қатарлы критерийлерін ескере отырып, денсаулықты және қоршаған ортаны сақтауды жақсартуды ескеруі тиіс.

«Сайпем» персоналы өз функционалдық міндеттерінің шеңберінде денсаулықты, қауіпсіздікті және қоршаған ортаны сақтау және қоғамдық қауіпсіздік мәселесіне белсене қатысады

3. Зерттеулер, ойлап табулар және зияткерлік меншікті қорғау

«Сайпем» басшылықтың және қызметкерлердің еңбек міндеттері мен функциялары аясында зерттеулер, ойлап табулар және зияткерлік саласындағы қызметтерін ынталандырады.
Аталған еңбек міндеттері мен функциялары аясында қол жеткізілген зияткерлік қызметтің нәтижелері «Сайпем» меншік құқығына тиесілі болады.
Зерттеулер мен ойлап табулар, жекелеп айтқанда энергияны тиімді пайдалануға, өнім өндіру кезінде қоршаған ортаға зиянның мөлшерін азайтуға, қызметкерлердің, клиенттердің және «Сайпем» қатынастарға түсетін өзге де қоғамдастықтардың денсаулығын сақтауға және қауіпсіздігіне назар аударуға, сондай-ақ тұтастай алғанда кәсіпорынның тұрақты қызметіне бағытталған.
«Сайпем» персоналы еңбек міндеттері мен функцияларын орындау шегінде зияткерлік меншікті, оны жетілдіру, қорғау және кірістерін көбейту мақсатында басқаруға белсенді үлес қосуға міндетті.

4. Құпиялылық

4.1. Өндірістік құпияны қорғау

«Сайпем» қызметі келіссөздерге, әкімшілік рәсімдерге, қаржы операцияларына, ноу-хауға (келісім-шарттар, актілер, есептер, зерттеулер, жазбалар, сызбалар, суреттер, бағдарламалық қамтамасыз етулер) қатысты жаңалықтарды, құжаттарды және өзге де ақпараттарды ұдайы алуды, сақтауды, өңдеуді және беруді талап етеді, ал осы ақпараттар шарттардың талаптарына сәйкес кім де болса оларды орынсыз немесе уақытынан бұрын жарияласа, кәсіпорынның қызметіне зардап тигізбеу мақсатында жалпыға мәлім болуға тиісті емес.
Қолданыстағы ережелерде көзделгендей, «Сайпем» персоналы өз міндеттерін атқару барысында алған ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етумен қатар, оның құпиялығын да сақтауға міндетті.

Еңбек қызметін атқару аясында немесе тапсырманы орындау барысында алынған немесе өңделген ақпарат, білім және деректер «Сайпем» меншігі болып табылады және арнайы рәсімдерді сақтау мәселелерін басқаратын басшының арнайы рұқсатынсыз пайдаланыла, беріле және жариялана алмайды.

4.2. Жеке өмірге құқықты қорғау

«Сайпем» өзінің Персоналына және үшінші тұлғаларына қатысты кәсіпорында немесе іскерлік қатынастар барысында алған ақпараттарды қорғауды міндетіне алады және ондай ақпаратты жосықсыз пайдалануды болдырмайды.

«Сайпем» өзінің құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын деректерді өңдеу қолданыстағы заңнамада көзделген негізгі құқықтар мен бостандықтарды сақтай отырып жүзеге асырылатынына кепілдік береді.

Жеке деректерді өңдеу рұқсат етілген және дұрыс әдістермен жүргізілуі тиіс, сонымен қатар нақты мақсаттарға жетуге қажетті деректер ғана жиналуы және тіркелуі тиіс. Деректерді сақтау оларды жинау қажеттілігін тудырған мән-жайлар өз өзектілігін жойған мерзімге дейін ғана жүргізілуі тиіс.

Бұдан басқа «Сайпем» деректердің жойылу немесе рұқсатсыз жария етілу, өңделу, қол жеткізу жағдайларын болдырмау мақсатында барлық деректер қорына арналған тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдауға міндеттенеді.

«Сайпем» Персоналы мыналарға міндетті:

– атқарып отырған лауазымына және міндеттеріне тікелей өзара қатысы бар қажетті және мақсатқа жетуге пайдаланылатын деректерді ғана алуға және өңдеуге;
– деректерді тек арнайы рәсімдер шеңберінде алуға, олармен тиісті рұқсаты жоқ басқа адамдардың танысуын болдырмайтындай етіп сақтауға;
– қажет кезінде мүдделі тұлғалар тиісті мәліметтерді оңай таба алатындай етіп деректерді жүйелеуге және дұрыстап сақтауға;
– деректерді жария етуді арнайы ережелерде көзделген талаптарды сақтай отырып немесе оған арнайы өкілеттілік берілген басшы бола отырып , және әрбір жағдайда жария ету мүмкіндігін тексергеннен кейін ғана таратуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ «Сайпеммен» байланысты үшінші тұлғаларға қатысты ақпаратқа қатысты абсолюттік немесе салыстырмалы шектеулік, яғни ондай ақпаратты қажет болған жағдайда мұндай тұлғалардан арнайы рұқсат алғаннан кейін ғана жария етуге.

4.3. Қауымдастықтарға, бастамаларға, іс-шараларға немесе сыртқы кездесулерге қатысу

Үшінші тұлғалар ұйымдастырған қауымдастықтарға, бастамаларға, іс-шараларға немесе сыртқы кездесулерге қатысу, ол шаралар кәсіби және жұмыс қызметімен сыйысатын жағдайда «Сайпем» тарапынан ынталандырылады. Мұндай шараларға мыналар жатады:

– қауымдастықтарға, конференцияларға, конгрестерге, семинарларға, курстарға қатысу;
– мақала, эссе және жарияланымдар жазу;
– қоғамдық оқиғаларға қатысу.

Осы мақсатта «Сайпемнің» қызметтері, мақсаттары, нәтижелері және көзқарастары туралы ақпараттарды немесе мәліметтерді түсіндіретін немесе сырт көздерге жеткізетін «Сайпем» басшылығы мен қызметкерлері кәсіпорында нарықтағы қызметті теріс пайдалануға қатысты қабылданған рәсімдерді сақтаудан басқа - жоспарланған іс-шаралар және сөйлейтін сөздердің мәтіндері және жарияланатын ақпараттық сипаттағы есептердің мазмұны бойынша компанияның жетекші органының басшысынан рұқсат алуға, сондай-ақ «Сайпем» құзыретті құрылымдық бөлімшесімен келісуге тиіс.

IV. Корпоративтік этика кодексінің негізгі құрылымы және қолдану саласы

Кодексте жазылған қағидаттар мен ережелер «Сайпем» персоналына және қызметіне қолданылады.

«Сайпем» қатысатын компанияның органдарына, консорциумдарға және бірлескен кәсіпорындардың органдарына сайланған өкілдер тиісті құзыреттері шегінде Кодекстің қағидаттары мен ережелерін таратуға ықпал етеді.
Алдыңғы кезекте басқарма мүшелері және басшылық лауазымдағы тұлғалар өздерінің компания ішіндегі және одан тыс жүріс-тұрыстарын Кодекстің талаптарына сәйкес келтіруі арқылы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін өмірге енгізуге күш салуы, сондай-ақ өз жүріс тұрыстарымен басқа қызметкерлерге үлгі болулары және оларды Кодексті сақтауға бағыттауы, сондай-ақ Кодекстің жекелеген ережелері бойынша сұрақтар мен кеңестер қалыптастыруға ынталандыруы тиіс.
Кодексті толық сақтау мақсатында әр бір тұлға Кепілге жүгіне алады, соның ішінде тікелей өтініш бере алады.

1. Кодекспен таныстыру талабы және оны мүмкін болатын бұзушылықтар туралы хабарлар

«Сайпем» әрбір қызметкері Кодекстің қағидаттары және ережелерімен, сондай-ақ функциялар мен лауазымдық міндеттерді реттейтін тиісті рәсімдермен танысуға міндетті.

«Сайпем» әрбір қызметкері:

– ондай қағидаттар мен ережелерге қайшы келетін жүріс-тұрыстан аулақ болуға;
– өз құзыреті шегінде қызметкерлерді таңдауға және оларды Кодекстің нормаларын толық сақтауға дағдыландыруға;
– «Сайпем» іскерлік қатынастарға түсетін үшінші тұлғалардан Кодекспе танысқандарын растауды талап етуге;

– өз басшыларына немесе өзі құрамына кіретін органға, сондай-ақ Кепілге Кодекстің нормаларын бұзудың орын алған жағдайлары туралы уақтылы хабарлауға; мүмкін болатын бұзушылықтар туралы хабарлама Директорлар кеңесі, Ішкі бақылау комитеті және Saipem S.p.A. Қадағалау органы белгілеген нысан бойынша жөнелтіледі;

– мүмкін болатын бұзушылықтарды тексеру барысында Кепілмен және уәкілетті лауазымды тұлғалармен ынтымақтастық жасауға;

– дереу түзету шараларын қабылдауға және мән-жайларға байланысты кез келген қарсылықтың алдын алуға тырысуға міндетті.

Жеке тексеру жүргізуге немесе өз басшысы немесе ол құрамына кіретін орган немесе Кепілден басқа бөтен тұлғалармен мәліметтер алмасуға ымыраласуға тыйым салынады. Егер Персоналдардың бірі мүмкін болатын бұзушылықтар туралы мәлімет бергеннен кейін, хабарлама берумен байланысты оған қатысты қандай да бір жауап шаралары қабылданған болса, ол тікелей Кепілдің өзіне жүгіне алады.

2. Негізгі құрылымы және қадағалау

«Сайпем» компаниясы, соның ішінде Кепілді тағайындау арқылы мыналарды қамтамасыз етуге міндетті болып табылады:

– Кодекстің қағидаттары және ережелерін «Сайпем» Персоналы және басқа да Мүдделі тұлғалар арасында барынша таратуға; Кодекстің нормаларын түсіндіруді, сондай-ақ Кодексті азаматтық таным мен заңдардың талаптарына сәйкес келтіру үшін жаңарту мақсатында кез келген әдістерді пайдалануды;

– Кодекстің қағидаттары және ережелерін немесе тиісті рәсімдерді кез-келген бұзушылық туралы тексерулер жүргізуді; фактілерді объективті түрде бағалауды және бұзушылықтар анықталған жағдайда одан кейінгі санкцияларды қолдануды. Кодексті мүмкін болатын болатын бұзушылықтар орын алғаны туралы мәлімет берген тұлғаға қатысты қатысты қандай да бір жауап шараларын қолдануға жол бермеу шараларын қабылдауды.

2.1. Корпоративтік этика Кодексінің кепілі

Корпоративтік этика Кодексі басқалармен қатар «Saipem S.p.A.» Италияда қолданылатын 2001 жылғы 8 маусымда қабылданған № 231 Заңы-декретінде көзделген «заңды тұлғалардың қылмыстық сипаттағы заңсыз әрекеттері үшін әкімшілік жауапкершілігі туралы» ережелеріне сәйкес қабылданған ұйымның императивтік Үлгі нормасы болып табылады.

«Saipem S.p.A.» Кепіл функциясын жоғарыда аталған Үлгіге сәйкес құрылған Қадағалау органына береді. Италияда немесе шет елде тікелей болмаса жанама бақыланатын әрбір кәсіпорын қоғамның құзыретті органы қабылдаған ресми актісі негізінде Кепіл функциясын өзінің Қадағалау органына береді.

Кепілдің міндетіне мыналар жатады:

– Кодексті қолдануға ықпал ету және тиісті рәсімдерді қабылдау; қоғамның жоғары лауазымды тұлғасына Кодекспен кең көлемде танысуын қамтамасыз ету жолдары туралы ұсыныстар беру;

– «Сайпем» басшылығы және қызметкерлеріне арнап коммуникациялық және білім бағдарламаларын қолдау; қажетті тексерулер жүргізе отырып,

– тиісті тексерулерді жүргізе отырып Кодекстің мүмкін болатын бұзушылықтары туралы мәліметтерді зерттеу; Кодекстің мүмкін болатын бұзушылықтарын жоюға араласу, соның ішінде «Сайпем» Персоналынан келіп түскен мәліметтер бойынша да; Кодекстің мүмкін болатын бұзушылық туралы хабарламаларды қарау немесе бұзушылық туралы хабар берген қызметкерге қарсы жауап шаралары қолданылған жағдайда;

– құзыретті құрылымдарды тексеру нәтижелері және санкция қолдану мүмкіндігі туралы хабардар ету. Компанияның құзыретті аумақтық органдарын тексеру нәтижелері және одан әрі шаралар қабылдау туралы хабардар ету.

Бұдан басқа «Saipem S.p.A.» Кепілі Ішкі бақылау комитетін, Тексеру комиссиясына, сондай-ақ Президент пен Басқарма Төрағасына Кодексті қолдан және оны жаңарту мүмкіндігі туралы жартыжылдық есеп береді, кейіннен бұл есеп Басқармаға жіберіледі.
Өз функцияларын орындау барысында «Saipem S.p.A.» Кепілі өз қарамағындағы «Saipem S.p.A. Бақылау органының 231 Техникалық хатшылығына» жүгіне алады.
Техникалық хатшылық «Saipem S.p.A.» құзыретті құрылымдарының қолдауын пайдаланады және Кепіл мен бақылаудағы қоғамдардың арасындағы лайықты байланысты қамтамасыз етеді.
Барлық хабарламалар төменде көрсетілген электрондық мекен-жайға жіберіледі: organismodivigilanza@saipem.eni.it

2.2. Кодексті жылжыту командасы

Кодекс «Сайпем» Персоналына қолданылатын нормаларға сәйкес танысу үшін ұсынылған; бұдан басқа онымен «Saipem S.p.A.» және бақыланатын қоғамдарының Интернет және Интранет сайттарында танысуға болады.

Жылжыту және таныстыру мақсатында Кодексті жылжыту Командасы құрылған болатын, ол «Saipem S.p.A.» Кепілі алдында есепті болып табылады.Команда «Сайпем» компаниясының аясында Кодексті түсіндіру және қолдану мақсатында кез келген түсіндіру және таныстыру әдістерін ұсына алады.

Команданың құрамын «Сайпем» Кепілінің ұсынысы бойынша «Saipem S.p.A.» Басқарма Төрағасы анықтайды.

3. Кодексті қайта қарау

Кодексті Ішкі бақылау комитетінен және Тексеру комиссиясынан қорытындылар алғаннан кейін Басқарма Төрағасы мен Президенттің бірлескен ұсынысы бойынша «Сайпем» Басқармасы қайта қарайды және бекітеді.

Ұсыныстар Мүдделі тұлғалардың бағаларын ескере отырып Кодекстің қағидаттары мен ережелеріне сілтеме жасала отырып қалыптастырылады, бұл белсенді ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

4. Кодекстің шарттық мәні

Кодекстің ережелерін сақтау қолданыстағы заңнамаға сәйкес «Сайпем» барлық Персоналының шарттық міндеттемелерін орындауларының ажырамас бөлігі болып есептелуі тиіс.

Кодекстің қағидаттары мен ережелерін бұзу негізгі еңбек міндеттемелерін бұзу немесе тәртіптік теріс қылық болып есептеле алады және еңбек шартын бұзуды және ондай бұзушылық арқылы келтірілген шығындарды өтеуді қоса алғанда, кез-келген заңдық салдарға әкеліп соқтырады.